

## Архив новостей за Апрель 2017

### «Үлкен ел-үлкен отбасы»

12.04.17, 14:18

Наурыз – шығыс елдерінің бүкілхалықтық мейрамы, Ұлыстың ұлы күні. Наурыз шығыс халықтарында жыл басы мерекесі ретінде тойланып, ерекше күн ретінде аталып өтіледі. Жамбыл қазақ-түрік есеп-экономикалық колледжі де Наурыз мерекесін жыл сайын тойлап отыруды салт-дәстүрге айналдырған.

Ағымдағы жылдың 8 сәуірінде өткен «Үлкен ел-үлкен отбасы» атты фестивальға 500-ге жуық көрермен мен білімгер қатысты. 1 мен 2 курс білімгерлерінің және олардың ата-аналары арасында тартысты сайыстарда ән, би тақырыптық қойылымдар орындалып көрермен көңілінен шықты.

Сайыс үш кезеңнен тұрды: 1. Қазақстан, Қазақ елі туралы, патриоттық немесе халық әнін айту; 2. Қазақ, ұйғыр, өзбек, кавказдық ұлттардың биін орындау; 3. «Үлкен ел-үлкен отбасы» тақырыбында сахналық қойылым - көп ұлттан құрылған мемлекетіміздің бірлігін, ынтымағын, бір-біріне деген құрметін көрсету.

Үлкен мереке жеңімпаздарды марапаттау рәсімімен аяқталды. Сайыс қорытындысы бойынша ГранПри 2Д тобының ата-аналары жеңіп алды, жүлделі I орынды-2А тобы иеленді, II орын-1А және III орынға – 1С1 тобы ие болды.

Меди қызмет





## **Қайырымдылық апталығы**

*5.04.17, 11:34*

Жамбыл экономика және ақпараттық технологиялар колледжінің Аялы алақан департаменті мен Альянс мүшелерінің 3-8 сәуір аралығында жалғасатын апталық та акциялар мен қайырымдылық іс-шаралары ұйымдастырылады.

**10-11 наурыз күндері Алматы қаласындағы “Хэйлибэри” интернационалдық мектебіннің ұйымдастыруымен өткізілген Британдық Парламенттік форматтағы дебат ойындары өтті.**

5.04.17, 11:29

10-11 наурыз күндері Алматы қаласындағы “Хэйлибэри” интернационалдық мектебіннің ұйымдастыруымен өткізілген Британдық Парламенттік форматтағы дебат ойындары өтті. Ойын барысында Молдажан Аяя, Жаныбек Айбал, Раушанова Нұрай, Қазбеков Абзал, Жолбаева Ақмейір, Бекежанова Айшазада, Олжабаева Тоғжан, Заман Илияс, Нұрғазы Нұрай, Молдазайым Айдана, Тұраров Бекзат және Алиева Ғазиза оқытушымыз сертификаттармен марапатталды.



## **Волейболдан Республикалық жарыстың чемпиондары**

5.04.17, 09:20

“Білім-инновациялық” халықаралық қоғамдық қорының ұйымдастыруымен “Білім-инновация ” лицей оқушылары арасындағы Республикалық волейбол турнирі кезінде Жамбыл экономика және ақпараттық технологиялар колледжінің білімгерлері тамаша ойын өрнегімен көрермендерді тәнті етіп, I-орынды иеленді. Команда құрамында: Парахат Қанат, Қадірқұлов Бауыржан, Рысбай Сұлтан, Беркінбай Мейірлан, Әбішев Нұрлыхан, Дүйсен Бекнұн, Ердалиев Еділ, Серікхан Әділет, Мұталған Рахат.

**Колледжде 9 қараша 2017 жыл "Экстремизм мен терроризмнің елімізге қауіпі"  
дөңгелек үстелі өтеді**

*5.04.17, 07:09*

9 қараша 2017 жыл "Экстремизм мен терроризмнің елімізге қауіпі" дөңгелек үстелі өтеді

**"Гуманитарлық пәндер" апталығы**

*5.04.17, 06:13*

"English as a way to the bright future" тақырыбында өткізілетін ағылшын тілі пәнінің апталығы